

**ЖАРҒАҚБАС, ҚЫЛКЕҢІРДЕК,
ШИБҰТТЫҢ
ШЫМ-ШЫТЫРЫҚ
ХИКАЯЛАРЫ**



КЕҢЕС ОРАЗБЕКҰЛЫ

Кеңес Оразбекұлы
**Жарғақбас, Қылкеңірдек,
Шибұттың шым-
шытырық хикаялары**

«Издательские решения»

Оразбекұлы К.

Жарғақбас, Қылкенірдек, Шибұттың шым-шытырық хикаялары /
К. Оразбекұлы — «Издательские решения»,

ISBN 978-5-44-988287-5

Бұл сериялы күлдіргі ертегі. Басты кейіпкерлері Жарғақбас, Қылкенірдек, Шибұт — үшеуі ертеден келе жатқан ажырағысыз достар. Олар бүгінгі өмірге бейімделу үшін неше түрлі кәсіпті игеруге тырысады. Бірақ бәрінде де жолдары болмайды. Ең соңында... Иә, ең соңында өздерінің қиындықтан қорықпайтын табандылықтарының, үздіксіз ізденіс, талпыныстарының арқасында, мақсат-мұраттарына жетеді.

ISBN 978-5-44-988287-5

© Оразбекұлы К.
© Издательские решения

Содержание

ШЫМ-ШЫТЫРЫҚ ХИКАЯЛАРЫ	6
ШЫМ-ШЫТЫРЫҚ ХИКАЯЛАРЫ	11
ӘЛҚИССА	12
Конец ознакомительного фрагмента.	21

Жарғақбас, Қылкеңірдек, Шибұттың шым-шытырық хикаялары

Кеңес Оразбекұлы

© Кеңес Оразбекұлы, 2020

ISBN 978-5-4498-8287-5

Создано в интеллектуальной издательской системе Ridero

Кеңес ОРАЗБЕКҰЛЫ

Тел: 8 7077891693,

8 7023528156

ЖАРҒАҚБАС, ҚЫЛКЕҢІРДЕК, ШИБҰТТЫҢ

ШЫМ-ШЫТЫРЫҚ ХИКАЯЛАРЫ

(Сериялы ертегілер)

Ай қараңғысындағы оқиға



Соңғы түйенің жүгі ауыр





Сан соқтырған сазгерлер





Қазына аралында





Суреттерді салған: Құралай Үмбетова

ЖАРҒАҚБАС, ҚЫЛКЕҢІРДЕК, ШИБҰТТЫҢ

ШЫМ-ШЫТЫРЫҚ ХИКАЯЛАРЫ

(Әзіл-күлкілі сериялы ертегі)

Халық ауыз әдебиетінде «Жарғақбас, Қылкенірдек, Шибұт» атты алақандай шағын ертегі бар екенін жақсы білесіздер. Ертегіде ерекше жаратылған үш кейіпкер түнде ұрлыққа шығады да, біреуінің – басы, екіншісінің кеңірегінде жарылып, үшіншісінің аяғы сынып, өліп қалады. Неге екенін, басталмай жатып аяқталатын бұл ертегіні балалар жақсы көреді, кейіпкерлерінің суретін салуға құмар...

Сіздерге сүйіншілеп айтатын жайымыз, қолдарыңыздағы бұл кітап балаларды сол сүйікті кейіпкерлерімен қайта табыстырғалы отыр. Яғни, автор әлгі ертегінің үш кейіпкерін жаңа сапада қайта тірілтіп, он тараудан тұратын шытырман оқиғалы, қызықты да күлдіргі хикаятқа айналдырыпты. Бұл хикаят оқырманын тек күлдіріп қана қоймай, бүгінгі әлеуметтік мәселелерді балаларға оңайлықпен түсінетіндей шеберлікпен көтеріп, жастарды мамандықтарын дұрыс таңдай білуге, ізденімпаз да талапты болуға, өмірдің уақытша қиындықтарына төзіп қана қоймай, одан шығатын жолдың бар екенін көрсетуімен де маңызды.

Тілі жеңіл әрі жатық, халық аузындағы сирек кездесетін мың иірімді қанатты сөздер мен сөз тіркестерін молынан қамтыған, оқырманын үлкен, кіші демей баурап алатын шым-шытырық оқиғалы мазмұнды шығарма.

ӘЛҚИССА

Жарғақбас, Қылкенірдек, Шибұт үшеуінің де асынып алған жол қапшықтары бар. Жарғақбастың иығында құрық, Қылкенірдектің иығында арқан, Шибұттың иығында жүген, қолында қамшы, үшеуі көше бойлап алшаң басып жүріп келеді. Жүргені өз алдына, былайша әндетіп келеді: Бөлінбейтін үш доспыз,

Кез келген іске біз қоспыз.
Талай сыннан сүрінсек те,
Бет қайтпайтын «жылпоспыз».

Жолымызды оңғарсын!
Деп тілейміз Тәңірден.
Сәті түспей жатса да,
Түңілмейміз,
Үміттіміз өмірден!

Реніш, өкпе жоқ бізде,
Емеспіз біз ел кезбе.
Табылса егер бір жұмыс,
Жұмыламыз, біз – құлмыз! —

деп, хош көңілмен шеру құрып келеді. Жәндерін түріп ап, «Екі қолға бір жұмыс» деп белсеніп келеді. Үшеуі бір-біріне сүйемел боп, қиындықты қайыспай еңсеріп келеді.

Ал, балалар, біз олардың қызықты шым-шытырық хикаяларын сендерге баяндап, барымызды бөліскіміз келеді.

Аттракциондағы арпалыс

Балалар, халық аузында мынандай шағын ертегі бар екенін бәрің білесіңдер:

Ертеде Жарғақбас, Қылкенірдек, Шибұт деген үш ұры болған екен. Бір күні олар ұрлыққа аттаныпты. Көздеген жеріне жеткен соң, ауылдың жатқан-жатпағанын бақылап, шолып келу үшін, олар біреуін жібермек болыпты.

Қылкенірдек жанындағы серігіне:

– Ал, Жареке, ауылдың жатқан-жатпағанын бақылап, шолып келу үшін бұл жолы сен барып келесің бе? – дейді.

Жарғақбас орнынан тұрады:

– Барсам барайын. – Қолындағы қапшығын Шибұттың алдына қойып, қолына түкіреді. – «Күн жаз, ет аз» деген, нартәуекел!

Ол жөнеп береді. Жота басына шыққанда, ар жағынан ауыл оттары көрінеді. Етекке түсіп келе жатқанда, оның айға шағылысқан жарғақ басын жарық көзі деп қалса керек, бір жәндік айналшықтап шықпайды. Ол айналып-айналып келіп, Жарғақбастың жылтыр басына қонады. Жарғақбас қолымен жасқап, оны ұшырып жібереді. Жәндік шырқөбелек айналып-айналып барып, Жарғақбастың маңдай тұсына тағы қонады. Басы жыбырлап, ыза болған Жарғақбас «Тпу, иттің баласы!» деп, балғадай ауыр қолымен жәндікті өлтіремін деп басына бір қояды. Шытынап тұрған жарғақ басы қақ жарылып, өзі кескен теректей «гүрс» құлап, сол жерде жан-тәсілім етеді.

– Бие сауымдай уақыт өтті. Бұл сорлы қайтпады ғой, оған не болды екен ә? – деді Шибұт тыпыршып.

– Иә, қатты кешікті. Сен барып жағдайын біліп келші.

– «Баланы іске бұйыр, сонынан өзін жүгір» деген осы. Барсам барып келейін.

Ол орнынан тұрып, қолындағы заттарын Қылкенірдектің жанына қояды да, өзі жорта жөнеледі. Қыр асып, Жарғақбастың ізімен жүріп келе жатқанда, шөп арасынан серігінің басы жарылып өліп жатқаны үстінен түседі. Шибұт шошып:

– Астапыралла! Қа-ап!!! – деп, екі қолымен санын бір соққанда, шидей аяқтары «шарт» сынып, ол да сол жерде сеспей қатады.

Қылкенірдек Жетіқарақшы жұлдызына қарап тұрып:

– Міне, ет пісірімдей уақыт өтті, екеуінен де хабар жоқ. «Қойшы көп болса, қой арам өлер» дейді, бұлар іс тындырып жарытпас, өзім барайыншы.

Ол орнынан тұрып, жердегі қапшық пен жүгенді иығына артып, серіктерінің соңына түседі. Қырқадан асып, із кесіп келе жатқан ол шөп арасынан екі серігінің тырапай асып, өліп жатқанын көреді.

Қылкенірдек қатты шошып:

– Ой-ба-ай!!! – деп, бақырып қалғанда, қылдай кеңірдегі түйіліп, «бырт» етіп үзіліп, ол да сол жерге «гүрс» құлайды.

Сөйтіп, ұрлыққа аттанған үш бақыр мақсаттарына жете алмай, ауыл сыртында үш жерде тырапай асып, өліп қалыпты.

Әдемі, қызықты басталған ертегі осылай тез бітіп қалады. Өкінішті, ә?!

Дегенімен, мен сендерді қуантайын, балалар, олар өлмеген екен! Үшеуі ел арасында жүрген көрінеді. Мен солардың бастан кешкен қызықты оқиғаларына куә болып, қағазға түсірген едім. Кәне, онда, жақсылап жайғасып, оқиық, ә?!

Ал, жоғарыдағы оқиға былай өрбіген көрінеді: Бір күні біздің үш сайыпқыран ұрлыққа аттаныпты...

Жарғақбас, Қылкенірдек, Шибұт үшеуі ай қараңғысында соқпақ жолмен жол жүреді. Жүргенде де мол жүреді. Төбе бөктеріне көтеріліп, ауыл іргесіне келгенде, қой тастарға отыра отыра кетеді.

Қылкенірдек жанындағы серігіне:

– Ал, Жареке, ауылдың жатқан-жатпағанын бақылап, шолып келу үшін бұл жолы сен барып келесің бе? – дейді.

Жарғақбас орнынан тұрады:

– Барсам барайын. – Қолындағы қапшығын Шибұттың алдына қойып, қолына түкіреді:

– «Күн жаз, ет аз» деген, нартәуекел!

Ол жөнep бepеді. Жота басына шыққанда, ар жағынан ауыл оттары көрінеді. Ауылдың бергі шетіне вагон-арбалар мен үлкенді-кішілі шатырлар орналасқан екен. Жарғақбас бұлар не болды екен деп жақындап келсе, ауыл балаларына қаладағыдай қызықты ойын көрсетеміз деп, әр түрлі ойын аттракционын құрып қойыпты. Адамдары шаршап, шатыр не вагон-арбаның біріне жатып ұйықтап қалған болса керек, айналасынан бейсәубет ешкім көрінбейді. Ол вагон-арбаның біреуіне жақындап барып, есігін жайлап ашып, басын сұғып қарап еді, иесіз екен. Есік жақтауындағы қосқышты байқап, басып қалған – іші толған неше алуан айнарлар. Жарғақбас «Бетің қисық болса, айнаға өкпелеме» деп, біреуінің алдына жақындап, айнадан өзінің қызық кескінін көреді: Қазандай басы кеседей болып, есесіне денесі зорайып, алып балуан денелі болып шыға келгені. Жарғақбас соған риза болып, ұзағырақ қызықтады. Енді келесісіне өтіп еді, иығының, аяқ-қолдарының бұлшық еттері бұлт-бұлт етіп ойнақшып көрінгені. Жарғақбасқа ол да қызық болып, өз бейнесіне өзі сүйсініп қарай береді. Сөйтіп, келесісінен келесісіне өтіп, айнарлардың алдынан шыға алмай қалады.

– Бие сауымдай уақыт өтті. Бұл сорлы қайтпады ғой, оған не болды екен, ә? – деді Шибұт айналасына төзімсіздене қарап.

– Иә, қатты кешікті. Сен барып жағдайын біліп келші, – деді Қылкөңірдек.

– «Баланы іске бұйыр, сонынан өзін жүгір» деген осы. Барсам барып келейін.

Ол орнынан тұрып, қолындағы заттарын Қылкөңірдіктің жанына қояды да, өзі жорта жөнеледі. Шибұт та қырдан асып қараса, ауыл шетінен тізіліп тұрған вагон-арбалар мен шатырларды көреді. Айналасында бейсаубат адамдар болмаған соң, жайлап жақындап барып, біреуінің есігін ашады. Қосқышын жағып қалып еді, алдынан көздің жауын алатын көріністер: ат, піл, түйе, есек, жолбарыс, арыстан және тағы басқа айналмалы жануарлар шыға келгені. Шибұт есіктің аузындағы екінші қосқышты басқанда, әлгі жануарлар қозғалып, секіріп айнала бастады. Шибұт «Көп қыдырған үзбентайға жолығар» деп қуанып, бәрін ұмытып, жануарлардың алдымен біреуіне, одан кейін келесісіне ауысып мініп, мәз-мейрам болады да қалады. Сөйтп, ол да бірінен екіншісіне ауысып, ойын қызығына елігіп кетеді.

Қылкөңірдек Жетіқарақшы жұлдызына қарап тұрып:

– Міне, ет пісірімдей уақыт өтті, екеуінен де хабар-ошар жоқ. «Қойшы көп болса, қой арам өлер» дейді, бұлар іс тындырып жарытпас, өзім барып көрейінші, не болып жатыр екен.

Ол орнынан тұрып, жердегі қапшық пен жүгенді иығына артып, серіктерінің соңына түседі. Ол да алдынан көлденең шыға келген вагон-арбалар мен шатырларға таң қала қарап, жанына абайлап жақындайды. Вагон-арбаның біреуінің есігін ашып қараса, жан баласы жоқ. Ішке кіріп, есік түбіндегі қосқышты қосқанда, нысана көздеп ататын тир ойынының үстінен түскенін аңғарады. Қылкөңірдек: «Жүрген аяққа жөргем ілінер» деген осы», – деп, жақтауда жатқан мылтықты алады. Көз алдында жануарлар мен аңдардың неше түрі самсап тұр. Соның біреуі – қасқырды көздеп атып қалып еді, дәл тиіп, тырапай асты. Енді аюды, түлкіні, қоянды... көздеп атып, көздегенін тырапай асырып, ол да ойын қызығына беріліп кетті дейсің...

Бөлме ішіндегі айналардың бәрін адақтап, асықпай қызықтап қарап, мауқы басылғаннан кейін Жарғақбас түкпірдегі тағы бір есікті ашады. Бөлмеге еніп, қосқышты қосып қалғаны сол, алдынан ертегідегідей таңғажайып сиқырлы әлем шыға келеді: Жапырақтары алақандай, ұзын-ұзын сабақтары иректеле бойлаған шырмауықтар мен қара қоңыр діндері бұжыр-бұжыр алып ағаштар, үстіңе құлап кетердей төніп тұрған жылтыр, қара қошқыл тау-тастар мен жалт-жұлт еткен ұзынды-қысқалы сүңгілер – бәрі сондай әлем-жәлем және қорқынышты көрінеді. Жарғақбастың бойын үрей билеп, жан-жағына әсерлене қарап тұрғанда, кенет, қараңғы үңгір түкпірінен аузын апандай ашып, өңешінен от-жалын атқан бір алып құбыжықтың шығып келе жатқанын көреді. Ол өзіне қарай жақындап, таптап тастардай төніп келе бергенде, Жарғақбастың зәресі зәр түбіне жеткені сондай, есінен танып қала жаздады. «Астапыралла, а-а-а!» деп ақырып, безілдеп қаша жөнеледі.

Бұл кезде Шибұт та барлық жануарлардың үстіне мініп көріп, жалығып, енді басқа ойынға аңсары ауған. Ол да бір бүйірдегі есікті ашып, ішіне енгені сол, есінен тана жаздады. Көз алдындағы әлгі таңғажайып көрініске аузын ашып, қарап тұрғанда, «А-а-а!» деп, алдынан Жарғақбас безілдеп өте берді. Шибұт «О, тоба! Бұл неден қашып барады?!» деп, бір бүйіріне бұрылғанда, сонадайдан аузын керіскедей кере ашып, от-жалын атқан бір құбыжық өзіне төніп келеді екен. «Ой-ба-ай!» деп Шибұт та Жарғақбастың артынан қол-аяғын бауырына ала ілесе жөнеледі.

Бұл кезде Қылкөңірдек те жануарлардың бәрін көздеп атып тауысып, тағы не бар екен деп бөлме ішін аралап жүрген. Алдынан бір есікті көріп, тұтқасынан ашып кіре берді де, аңқиды да қалды. Алдындағы әлем-жәлем керемет көрініске есі ауа қарап тұрғаны сол еді, қалтарыстан

«А-а-а!» деп ақыра қашқан Жарғақбас пен Шибұтты көреді. Қылкөңірдек: «О, жаратқан ием, бұлар неден қашып барады?!» деп, түкпірге көз салған. Аузын арандай ашқан, от-жалын атқан бір құбыжық «ал, жұтам!» дегендей төніп келеді екен. Қылкөңірдектің де құты қашып, «Сақта, құдай, а-а-а!» деп ақырып, серіктерінің артынан қояндай безе жөнелді.

Жер-дүние төңкерілгендей қатты дүрсіл мен айқай-шудан аттракцион иелері де шошып оянған. Олар вагон-арбаларынан дүрліге атып шығып, айқай-шу естілген ортадағы биік күмбез-шатырлы үйге қарай жүгірді. Күмбезді үйге кірген бойда қосқышты өшіріп, келесісін жағып қарап еді, үсті-бастары ұсқынсыз үш мишағар алды-артына қарамай: «А-а-а!» деп безілдеп шапқылап жүр екен. Олар үшеуін бас салып ұстап алды да, бақырған-шақырған күйінде жамбасқа алып, сыртқы есіктен далаға қаңбақтай лақтырып-лақтырып тастады да, есіктерін тарс жапты.

Үшеуі жатқан-жатқан жерлерінде естерін әрең жиып, «Жар бол, жасаған ием!» деп орындарынан тұрып, бір-бірін сүйемелдеп, келген жақтарына сүйретіліп кете барды.

Ай жарығындағы оқиға

Бір күні Жарғақбас, Қылкөңірдек, Шибұт үшеуі түн жамылып тағы да жорыққа шықты. Ай жарығында жықпыл-жықпылдың арасымен келе жатты.

– Ай жарығындағы ұрлығымыз сәтті болсын деп тілейік, – деді Шибұт жол бастап келе жатып.

– «Мен ұрлыққа шыққанда ай жарық болды» депті ғой біреу, – деді Қылкөңірдек ренжіп. – Ал біз ұрлыққа жиналғанда, ай жарығы еш нәрсе емес, мына Жарекеннің жарғақ басы айға шағылысып келе жатқанын қарашы!

– Басы жылтырағанын қайтейін, – деді Шибұт. – Аяқ астымыз түк көрінбейді. Мына алдымызда терең өзекше бар сияқты еді. Абайландар, түсіп кетпейік. Әй, Жареке, басыңды еңкейтші!

– Неге еңкейтеді екем?

– Басыңның жарығымен жер бедерін қарап алайық. Шұңқырға құлап кетпейік деген сақтығымыз ғой.

– Әп, бәрекелді, осылай пайданды тигізсейші!

– Эне, айттым ғой өзекше бар деп. Жареке, сен осылай жарығыңды түсіріп тұр. Біз Қылекең екеуіміз арғы бетіне өтіп алайық. Ал, Қылеке, секір!

Қылкөңірдек өзекшеден қарғып өтеді.

– Эуп! Секірдім, ал өзің.

– Эуп!

– Ал, Жареке, енді сенің кезеңің. Кәне, бері жүре түс. Кәне, тағы, тағы...

Кенет «гүрс» етіп құлаған дыбыс естіледі. Артынша:

– Уа-а-ай! – деп ауырсынған даусы шықты Жарғақбастың.

Қылкөңірдек пен Шибұт үрейленіп, бастарын еңкейтіп, өзекше түбіне қарайды.

– Әйтеуір тірісің бе? – деді Қылкөңірдек. – Қалайша түсіп кеттің?

– Өздерің ғой, «тағы, тағы жүре түс» деп қоймаған!

– Басыңның жарық-сәулесі аяқ астына түспесе, біз кінәліміз бе?

– «Шамның жарығы түбіне түспейді» деген рас екен-ау! Кәне, қолыңды әкел.

Екеуі Жарғақбасты шұңқырдан тартып шығарады. Жарғақбас үсті-басын қағады да, үшеуі сапарларын қайта жалғастырады.

– Сендер «Ай жарығында, ай жарығында» дейсіңдер. Ай қараңғысындағы ұрлықты да жетістіріп пе едіңдер, – деді Жарғақбас.

– Қандай «ай қараңғысындағы ұрлық»?

– Естерінде ме, өткен күзде Байдалы байдың соғымын үптеп кеткенімізде...

Айсыз қараңғы түннің бірінде олар байдың етханасына жасырынып кіреді. Арқанға іліп кемпіріп қойған соғым етті екі қапқа сықап салып, сарай артынан сыртқа жылыстайды. Көшеден бір есек ұстап, екі қап етті теңдеп есекке артып, үшеуі жолсызбен ауыл сыртына шығады. Олар жолда «Әй, кім бар, көмектесіндер!» деген бір әйелдің жалынышты даусын естиді. «Бір қуіпті жағдайға ұшыраған да, кім болса да көмектесіп, сауабын алайық» деп дауыс шыққан тұсқа келсе, бір кемпір екен.

– Әй, қарақтарым, жаутаңкөз шырақтарым, маған қолқабыс беріндер. Қараңғыда есегім сүрініп кетіп, мына бір қапты аударып алғаным. Шашылған тезекті жинасып жіберіндерші, айналайындар, – дейді ол.

Үшеуі құрақ ұшып келіп, кемпірдің тезектерін жинасып, қапқа қайта салады.

– Ой, өркендерің өскірлер, енді бұл қапты есекке артысып жіберіндер. Әйтпесе менің шамам келмейді.

– Қазір, шешей, мен есекті әкелейін, – деп Шибұт қараңғылыққа сүңгіп кетіп, екі есекті нокта жібінен ұстап әкеледі. – Шешей, мыналардың қайсысы сіздікі, айыра аласыз ба? Екеуіне де қап тиелген екен.

– Құлағын ұстап көр. Менің есегімнің оң құлағы кесілген.

Шибұт есектің біреуінің құлағын сипап көреді:

– Ә, мынауы екен! Жареке, Қылеке, сендер де ұстап көріндерші, мен жаңылысқан жоқпын ба?

Олар да есектің құлағын сипап шығады.

– Дәл осы!

Үшеуі кемпірдің қабын есектің арқасына артып, оны кемпір берген арқанмен орап байлайды.

– Ал, шешей, енді сүрінбей, жығылмай, жолда абай болып, үйіңізге аман-есен жетіңіз.

– Әй, арыстарым-ай, алла разы болсын! Сендер болмасаңдар қайтер едім, тілеуінді бергірлер. Екі дүниенің қызығын көріндер! Жолдарына нұр жаусын!

– Арзымайды, шешей.

Олар кемпірді қараңғылыққа сүңгіп кеткенше шығарып салып, өздері де есектерін жетектеп, жөндеріне кетеді.

Үйлеріне жеткен соң, есекті қора алдына байлап, алдына шөп салды да, өздері қапты алып, үйлеріне тартты. Шаршап келген үшеуі қаптарды үйдің кіре беріс дәлізіне қалдырды да, үшеуі төсектеріне сұлай-сұлай түсіп, ұйқыға кетті.

Таңертең ерте тұрған Шибұт екі серігін жұлқылап оятты.

– О, тоба, ұйқы берші!

– Астыңнан су шықты ма, не болды?!

– Су шықса мейлі ғой, – деді Шибұт. – Одан бетер болған жайы бар! Тырқидық жігіттер! Мұнда келіп қарандаршы!

Шибұттың суық сөзінен кейін, екеуі де үрейленіп атып тұрып, Шибұтпен ілесе ауызғы үйге жүгірді. Шибұт көрсеткен аузы ашық қаптарға қараса, екеуінде де сықап толтырылған тезек!

– Ет қайда?!.

– Міне, көріп тұрсындар ғой!

– Сонда біз етті?..

– Иә, тезекке алмастырып, кемпірге беріп жіберіппіз.

– Ойбай-ау, ол кемпірдің есегінің оң құлағы кесік болып еді ғой?!. – деді Қылкенірдек.

– Ал біздікі ше?!.

Үшеуі көздері бозарып тұрды-тұрды да, далаға атып шықты. Түндегі байлап кеткен есектеріне келіп, құлағына қараса, оның да оң құлағы кесік екен!

– Мәс-саған безгелдек!!!

- Туһ, сайтан алғыр!
- Сонда біз...
- Иә, отынын да тиесіп, етімізді де беріп жіберіппіз, – деді Шибұт.
- Онда кемпірді қарық қылыпсыз ғой!..
- Үшеуі сол жайды еске алысып, шек-сілелері қатып, жерге аунап тұрып күліп алды.
- Иә, сөйтіп, ай қараңғысында да жетіскенбіз, – деді Жарғақбас.
- Кемпір де алғысын бекерге жаудырмаған екен де.
- Иә, кемпірді – етке, өзімізді алғысқа қарық қылыпсыз.
- Енді мына ай жарығында абай болайық! – деді Жарғақбас.
- Дұрыс айтасың.

Үшеуі ауыл шетіндегі ағаш шарбақты қоршаудың жанына келеді.

- Малтүгелдің қорасы осы ма? – деді Қылкенірдек.
- Иә, осы, – деді Шибұт шарбақтың жыңғыл шыбықтарын бір-бірлеп суырып тұрып. – Кеше жыңғыл шыбықтары оңай алынатын осы тұсты белгілеп кеткем.
- Малтүгел үйінен шығып қалып, масқара болып жүрмейміз бе?
- Қорықпай-ақ қойындар, – деді Шибұт. – Малтүгел қазір Қой-бағардың үйінде қонақта.

Әне, үйінің терезесінен де от көрінбейді. Кәне, еріндер соңымнан, – деп өзі аршылған қуысқа сүңгіп кетіп еді, қалған екеуі де жан-жақтарына қарап алып, Шибұттың артынан ілесті.

Бір уақытта жаңағы қуыстан бірінен кейін бірі тайыншадай-тайыншадай үш қошқар атып шығады. Қошқарлардың үстінде әлгі үшеуі. Шаңырақтай мүйіздерінен қатып ұстап алған. Қошқарлар арқаларындағы желімдей жабысқан бәледен құтылмақ болып, мөңкіп-мөңкіп көкке шапшиды. Аяқтары жерге тигенде, мүйіздері бір-біріне «тарс-түрс» соғылады. Түнгі дауыс қатты жаңғырығады. Иттер жан-жақтан арсылдап, ауылды басына көтереді.

– Ал, сайыпқырандар, – деді Шибұт. – «Қашпақ болсаң зымыра» деген. Қошқарлардың басын мына жаққа, ауыл сыртындағы жыңғыл тоғайға бұрындар. Бізді иттердің өзі әспеттеп шығарып салмақшы. Әйт, чу! Үррит деген!

Айтқандай-ақ, ауыл иттері де жан-жақтан арсылдап-әуілдеп, ке-ліп қалып еді.

– Иә, баста, әйт, шу-у, тұлпарым! – деп Жарғақбас қолындағы шыбықпен қошқардың құйрығынан салып қалады. Қошқар ытырылып алға ұмтылады.

– Мына иттерге жеткізбей құстай ұш, сұңқарым! – деді Қыл-кенірдек те артына қарап.

Бұл дүрбелеңнен екі-үш үйдің терезелері жанып, бір-екі үйдің есіктерінен адамдар да атып шыққан. Ал біздің сайыпқырандар қой арқасына кенедей табысып, мүйіз-рөлдеріне тастай жармасып, қараңғылыққа сүңгіп барады. Тек Жарғақбастың қазандай басы ғана ай жарығына шағылыса жарқырап, қой үстінде жоғары-төмен теңселеді. Түнгі қараңғылыққа аққан жұлдыздай сіңіп барады...

Үшеуі үйлеріне сүйретіліп жетіп, төсектеріне сұлай-сұлай кеткен. Содан күні бойы ұйқы соғып, түс қайта бір-ақ оянды

– Ту-у, күн екіндіге дейін сеспей қатып ұйықтаппыз ғой, – деді

Шибұт басын ұстап. – Денем құрысып, басым шарадай болып тұрғаны. Қошқарлармен түнімен сүзісіп шыққанмын ба, қалай?

– Сенің басың шарадай болса, менің басым қандай болғаны? – деп күлді Жарғақбас. – Менің де денем құрысып, кәдімгі түнімен көкпар тартып шыққандай болып тұрмын.

– Бірің қоймен сүзісіп, екіншің көкпар тартсаңдар да, кәне, жиналындар! – деді Қыл-кенірдек. – Тоғайдағы жыныс-қамалымызға тезірек барайық. Кешегі қойларымызды күн батпай сойып алайық.

Үшеуі жол қапшықтарына керек-жарақтарын салып, арқаланып жолға шықты. Жыра-жықпылдың, ну шалғынның арасымен жүре отырып, ағаш арасындағы жасырын мекендеріне де жетті. Қоршау ішінде кешегі қойлары жайылып жүр екен. Үшеуі артынып-тартынып қораға кіре бергендері сол еді, арттарынан: «Баукеспелер, тоқтандар, қолдарыңды көтеріңдер!» деген дауыс шықты. Үшеуі көздері бозарып, қолдарын көтеріп, арттарына бұрылып еді, мал иесі Малтүгел мен Қойбағарды және қару кезенген екі полицейді көрді.

Полицейлердің бірі Қылкөңірдектің иығындағы арқанды алып, оларды бір-біріне көгендеп байлайды.

– Малды ұрлаған осы сойқандар екенін қалай білдіңдер? – деді полицейдің бірі Малтүгел мен Қойбағарға қарап.

– Түн жарымында ауыл азан-қазан болған соң, Қойбағар екеуіміз далаға атып шыққанбыз. Біздің қораның сыртында қарайған біреулер ойқастап жүр екен. Қараңдаған екеуін ажырата алмасақ та, мына Жарғақбасты шырамыттық.

– Қалай шырамыттыңдар?

– Өйткені, оның мына жарғақ басы ай жарығынан шағылысып, жарқырап көрінді. – деді Қойбағар әңгімеге араласып. – Бір болса, сол – Жарғақбас-ау деп топшылап едік. Міне, сіздерді ертіп, үшеуінің артынан аңдып келгенімізде, мал жасырған тұрақ-мекендерінің дәл үстінен шықтық қой.

– Енді тартыңдар сазайларыңды! – деді Малтүгел үшеуіне кіжіне қарап.

– «Ұрлық, ұрлық түбі – қорлық» деген осы, – деді Қойбағар серігін қостап.

Сөйтіп, полицейлер Жарғақбас, Қылкөңірдек, Шибұт үшеуін қосақ-тап, ауылға айдап апарды. Беттеріне қара күйе жағып, есекке теріс отырғызып, ауыл халқының алдында әбден масқаралады дейсің! Үшеуі жұрт алдында әбден қарабет болып, ендігіде ұрлық жасамауға қатты бекінді.

«Соңғы түйенің жүгі ауыр»

Үшеуі үй алдындағы ағаш көлеңкесінде отыр.

– Ұрлық жасап жарытпадық, – деді Қылкөңірдек екеуіне кезек қарап. – Қайта дүйім елге ұры атымыз шығып, масқара болдық. Енді немен айналыссақ екен? Әлде, екі қолға бір жұмыс деп...

– Қарақшылықпен айналысайық! – деді Жарғақбас серігінің сөзін бөліп.

– Қарақшылық?!

– Иә, Тескентаудың бойындағы ұлы сауда жолын білесіңдер ғой. Сол жолмен ерсілі-қарсылы сауда керуендері өтеді. Міне, соларды тонаймыз.

– Бәрекелді! – деді Шибұт сұқ саусағын шошайтып. – Бұл – ұрлық жасағаннан гөрі беделдірек кәсіп. Әрі ауылдастарыңды емес, бөтен адамдарды – шетжұрттықтарды тонайсың. – Жарғақбастың басынан сипайды. – Мынау жай бас емес, алтын бас қой!

Жарғақбас та өз басын мақтанышпен сипайды.

– Ендеше, бұл жорықты қай жерде, қалайша жүзеге асырамыз – жоспарын құрайық. – деді Қылкөңірдек.

– «Тентек шоқпар жинайды» деген, қару-жарағын да қамдайық.

– «Өткеннің орағын, кеткеннің кетпенін алу үшін де» күш керек. Күресіп, алысып жаттығайық.

– Онда «ұрыста тұрыс жоқ», ал кірістік...

Екеуі Жарғақбасты ортаға алып, жоспар жасауға кірісті. Ертеңіне үшеуі ағаш басына өрмелеп, бұтақ кесіп, сойыл-шоқпар жасауға отырды. Үй алдында алысып-жұлысып, күш сынасуды да ұмытпады.

Тескентау өткелі аузында біздің үш қарақшы шайла тігіп жатқанына біраз уақыт болды. Белдерінде – басы кішігірім қауындай жұмырлап жонылған ағаш шоқпар. Тескентаудың биігіне кезек-кезек шығып, жол қарайды.

Үшеуі күні бойы жол аңдып, қатты жалықты.

– Фу, ішіміз пысып кетті ғой! Кәне, бір ермек табайық, – деді Шибұт.

– Қандай ермек?

– Мәселен... – басын қасып тұрып сайда жайылып жүрген есектеріне көзі түседі. – Ау, анау есектерімізді жарыстырып ойнайық.

Қылкеңірдек мойнын созып жолға қарап:

– Ақыры бүгін аңдыған жемтік-саудагерлеріміздің келмейтін түрі бар. Онда сөйтсек-сөйтеік.

Үшеуі сайда жайылып жүрген есектерін жетектеп, қара жолдың үстіне әкеледі. Үш есекті қатарынан тұрғызып жолға қаратады да, қолдарындағы шыбықтарымен олардың бөкселерінен салып-салып қалады.

– Ы-һы! Ы-һы! Кәне шабындар!..

Бірақ есектерінің орындарынан қозғалатын түрі көрінбейді. Жондарына батқан шыбықты да елемей, есектік мінездеріне бағып, тұқырып бір орында тұрды да қойды.

– «Жүгі жеңіл есек жатаған келеді» дейді. Енді қайтеміз, ә?

– Бұларды қалай жарыстырамыз?

– Қандай амал бар?

— Е, тап-тым! – деді Қылкеңірдек. – Қожанасыр әпендінің есегін қалай жүргізгенін білесіңдер ме?

– Қалай?

– Алдына шөп байлап қойып жүргізеді ғой.

– Оп, бәрекелді! Біз де сөйтеік!

– Сенің де таппайтының жоқ! – деді Жарғақбас.

Үшеуі сайда өсіп тұрған қара талдың қураған ұзын бұталарын сындырып әкеліп, оларды есектерінің мойындарына байлады. Есек-терінің бастарынан асып тұрған бұтаның екінші басына дайындап қойған құрақ шөптің бір-бір шөмелесін байлап қояды. Сөйтіп, есек-терінің басын қоя беріп еді, есектері шөп жеймін деп бастарын созып дедектеп жүріп кетті. Үшеуі шайлаларының астында жатқан күйі қарқылдап күліп, есектерін қырдан асқанша көздерімен шығарып салды.

– Иә, олар қайда кетер дейсің, иелері біз емеспіз бе, қайтып келер.

– Дұрыс, «Ат айналып қазығын табар» деген, ерте ме, кеш пе қайтып оралар.

– Қайсысы озып бірінші келсе соның иесі жеңген болып шығады, соған бәстесейік, – деді Жарғақбас.

– Келістік!

Бірақ күн кешкіріп, есектері қайтып оралмады, сол кеткеннен мол кетті. Үшеуі оларды күте-күте жалығып, кешкі астарына отырды. Шайлаларына түнеп, таң атқанда да есектерінен хабар болмады.

– «Ақымақтың ақылы түстен кейін кіреді» деген, біз де ақымақпыз, – деді Жарғақбас. – Бастарында шөп тұрғанда қайтып оралушы ма еді.

– Иә, сонысы да бар екен, оны біз ескермеппіз ғой.

– Бір реті табылар, соған алаңдамай-ақ қойындаршы, – деді Шибұт. – Біз тонайтын саудагерлердің де көлігі бар шығар.

– Иә, Шиікең жөн айтады, – деді Қылкеңірдек. – Одан да жолымызды ториық. Кімнің кезегі еді?

– Есің дұрыс па, бүгін санамақты қайта бастаймыз, – деді Жарғақбас. – Кім соңында қалса, сол бастап кезекке тұрады.

Қылкөңірдек үшеуін сұқ саусағымен түртіп, санамақты жүргізеді:

– Әдім бәдім шума-шу, шим-ширика атам бу, бума бели баран тас, ско-рида пида шаш!..

Бұл жолы төбе биігіне Қылкөңірдектің жол қарайтын кезегі түсті. Ана екеуі шайла астында жатыр. Жай жатқан жоқ, беттеріне қонған шыбындарды қағып жатыр. Шибұт бетіне қонған шыбындарды қолы-мен қағып алады. Ұстаған шыбындарын Жарғақбасқа көрсете жерге тастайды:

– Мен үш шыбын ұстадым!

Жарғақбас та қағады. Ұстаған шыбындарын Шибұтқа көрсете жер-ге түсіреді:

– Ал, мен жеті шыбын өлтірдім!

– Әрине, сенің басың үлкен, содан...

– Қыртпашы! Әңгіме – бастың үлкендігінде емес, ептілікте, — деді Жарғақбас.

– Жоқ, ептілікте емес, бастың үлкендігінде.

– Үлкендігінде емес, ептілікте!

– Онда кел, мен – сенің басыңды, сен менің басымды қорық.

– Сөйтсек, сөйтеік, — деді Жарғақбас.

Екеуі бір-бірінің бастарын қоруға көшеді.

– Бір керуен «майшелпек» келе жатыр! – деп айқайлады Қылкөңірдек төбе басынан. – Дайындыққа кірісіңдер!

Ана екеуі орындарынан ұшып тұрады. Үшеуі өткел аузындағы өз орындарына барып жайғасып алды. Өзара сыбырласа сөйлесіп, «май-шелпекті» басып алудың жайын талқылауда. Қылкөңірдек:

– Керуен – он екі түйе, қарулы адамы төртеу екен.

Конец ознакомительного фрагмента.

Текст предоставлен ООО «ЛитРес».

Прочитайте эту книгу целиком, [купив полную легальную версию](#) на ЛитРес.

Безопасно оплатить книгу можно банковской картой Visa, MasterCard, Maestro, со счета мобильного телефона, с платежного терминала, в салоне МТС или Связной, через PayPal, WebMoney, Яндекс.Деньги, QIWI Кошелек, бонусными картами или другим удобным Вам способом.